

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы іске асыру шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2718 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын іске асыру мақсатында:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 1996 жылғы 1 шілдеге дейін:

Қазақстан Республикасының заңдарын "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына U952717_ сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізісін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтірсін;

Мемлекеттік органдардың "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына қайшы келетін өз нормативтік актілерін қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жер инспекциясын құру туралы ұсыныстар енгізісін;

2) мыналарды әзірлеп, бекітетін болсын:

Мемлекеттік жер кадастры және Қазақстан Республикасындағы жерге орналастыру туралы ереже;

Жерді қайта бөлу қорын құру тәртібі туралы ереже;

Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары және бұларды басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы ереже;

Жерді алған кезде шығындарды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеудің тәртібі мен мөлшері туралы ереже;

Қызмет бабында жер үлесін алуға құқығы бар қызметкерлер санатының тізбесі;

Ластанған және бүлінген жерлерді алудың, қорғау мен пайдаланудың тәртібі туралы ереже;

3) "Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары туралы" заң актісінің жобасын белгіленген тәртіппен әзірлеп, ұсынатын болсын;

4) 1996 жылғы 1 сәуірге дейін: Жерді меншікке, тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға берудің тәртібі мен нормаларын; Жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттардың нысанын; Мемлекет жеке меншікке сататын немесе жер пайдалануға беретін жер үшін ставкаларының мөлшерін; Азаматтар мен заңды тұлғаларға берілетін жер учаскелерінің шекті мөлшерін; Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алудың және сатып алудың тәртібі туралы ережені әзірлеп, бекітетін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті